



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2) «Жастар практикасына» қатысушыларға еңбекақы төлеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі;

3) жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдалануға болмайды;

4) жолданатын түлектер уәкілетті органда немесе халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуге және олардың жасы 29-дан аспауға тиіс;

5) жолдама беру сәтінде жолданатын азаматтар үшін уәкілетті органда және халықты жұмыспен қамту орталығында лайықты тұрақты жұмыс болмаған болуы керек. /4/

Бағдарлама басталғалы бері жастар тәжірибесіне қатысушылардың саны 65 мыңнан астам жасты құраған. /2/

Бағдарламаның жүзеге асырылу барысында жұмыс берушілер жас бітіуші түлекке немесе жас маманға мекемеден бір қызмет орнын ұсынып, оның еңбек нарығына бейімделуі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және тәжірибе жинауына ықпал етеді. Алайда, жастар тәжірибесі мәселені толығымен шеше алмайтындығын айта аламыз. Бұлай дейтін себебіміз бағдарлама қатысушыларының өздері атап өткендей бірнеше мәселелердің кедергі болуы. Атап айтатын болсам, бағдарламаның нәтижесі жұмыссыздар санын айтарлықтай азайта алмай отыр, яғни тұрақты жұмысқа орналастыру деңгейінің төмендігі, жас түлектер арасында ақпараттандырылу деңгейінің төмендігі сияқты мәселелер туындап отырғаны рас.

Алайда қазіргі таңда елімізде жас түлектерді қолдау мен олардың арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатындағы уақытша жұмыс орындарын құру жұмыстары, яғни жастар практикасын ұйымдастыру – жастардың еңбек нарығын қолдаудың негізі болып табылады. Және ол басқа мемлекеттік бағдарламалармен салыстыра алғанда ең тиімді жол болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Жастарды еңбекпен қамту – Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуының ұлттық шешуші факторы // Исакова К., Шалбаев Е. – Қазақстан мұрағаттары, 2012 ж. №3 (23), 6-9 б.

2. ҚР Статистика Агенттігі

3. Проблема безработицы и занятости среди молодежи. / Тулегенова А.У., Джумашева Г.Г., / Ғылым және білім, 2011ж, №4(25), 122-125 б.

4. www.mzsr.gov

УДК 316.612:37.018.1

ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ АТА-АНА МЕН АТА-ӘЖЕНІҢ РОЛІ

Ильясова Назым Маратқызы

ilyassovan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, психология мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Отбасында, оның мүшелерінің әлеуметтік рөлімен анықталатын құрылымы бар: ері мен әйелі, әкесі мен анасы, қызы мен ұлы, апайы мен ағасы, атасы мен әжесі. Солардың негізінде тұлғааралық қарым-қатынастар құрылады. Ата-ананың рөлі барлығын қамти алады және көп қырлы. Балаларға қамқор көрсетуден басқа, олар тұлғаның құрылуына, оның әлемге қатынасына, өзінің «Менін» тәрбиелеуге әсерін тигізеді.

Бала үшін отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас өте маңызды. Әсіресе үлкендердің оған қатынасын білу. Тәрбие әдістері мен тұлғааралық қарым-қатынастар туралы ата-аналардың арасында қарама-қайшылықтардың болуы, балаға ненің жаман, ненің

жақсы екенін түсінуге мүмкіндік бермейді. Егер ата-аналар арасындағы келісім бұзылса, сонымен қатар, оған баланың өзі себеп болғанын естісе, ол өзін қауіпсіз сезіне алмайды. Осыған байланысты, балалық үрейлер, қорқыныш және невротикалық симптомдар пайда болады.

Ата-аналар өзінің баласы үшін алғашқы әлеуметтік орта болып табылады. Бала мен ата-ананың арасында пайда болатын сезімдердің ерекшелігі, бала үшін отбасының зейіні мен қамқорлығы өмірлік маңызды екендігімен анықталады [1].

М.И. Лисина отбасындағы тәрбие беру ерекшеліктеріне байланысты адамның өзіндік санасының дамуына бақылау жасаған болатын. Егер ата-ана өз балаларына қажетінше уақыт бөліп отырса, баланың тәндік және ақыл-ой көрсеткіштерін жағымды бағалап отырса, баланың жетістіктегі даму деңгейін басқа құрбыларынан жоғары бағаламаса, баланың өзінің жеке басы туралы нақты ой пікірі қалыптасады. Ал өзі туралы төмен көзқарасты тұлға, ата-анасы олармен жұмыс істемейтін, бірақ тіл алуды талап ететін, төмен бағалайтын, көп жағдайда кінәләйтін, жазалайтын, кейде басқа адамдардың көзінше, баладан мектепте ешқандай табыстарды және болашақ өмірде жетістіктерді күтпейтін отбасында тәрбиеленеді [2].

Отбасында балаларды тәрбиелеу — күрделі әлеуметтік педагогикалық процесс. Оған бала тұлғасының қалыптасуына жанұяның барлық атмосферасы мен микроклиматы кіреді. Тәрбиелік өзара әрекеттесу оған ата-ананың балаға қарым-қатынасының табиғатынан берілген. Оның мәні, дұрыс күтім беру, саналы түрде үлкендердің кішілерге қамқор көрсетуі. Әке мен ана өзінің баласына қамқорлық көрсетеді, зейін бөледі, мейірімін төгеді, өмірде кездесетін күрделі жағдайлар мен қиыншылықтардан қорғайды. Ата-аналардың жеке үлгілері — балалардың тәрбиесіне әсер етудің маңызды тәсілі. Оның тәрбиелік мәні, балалық жасқа тән еліктеушілікке негізделеді. Бала, жеткілікті білімдер мен тәжірибені меңгермей, үлкендерді қайталайды, олардың әрекеттеріне еліктейді. Ата-аналардың қарым-қатынасының мінезі, олардың арасындағы ынтымақтастықтың, қайырымдылықтың, құрметтің деңгейі, мәселелерді шешудің тәсілдері, бір-бірімен сөйлесу екіпіні және мінезі — бұның барлығы баламен қабылданып, оның жеке жүріс-тұрысының үлгісіне айналады. Бала дамуының қай жағын алсақ та, барлық жастық кезеңдерде, эффективтілікке негізгі әсер ететін отбасы.

Біріншіден, отбасы адамның физикалық және эмоционалды дамуын қамтамасыз етеді. Сәбилік шақта және ерте балалық шақта отбасы, әлеуметтенудің басқа институттарымен компенсацияланбайтын, анықтаушы рөлді атқарады. Балалық, бастауыш мектептік және жасөспірімдік шақта оның әсері жетекші болып қалады, бірақ тек бұл ғана емес. Кейін бұл функцияның рөлі азая бастайды.

Екіншіден, отбасы баланың психологиялық жынысының құрылуына әсер етеді. Алғашқы үш жылда бұл әсер анықтаушы, себебі отбасында жыныстық типтендіру қайтымсыз процесі жүреді. Оған байланысты бала, өзінің жынысына жататын атрибуттарды қамтиды: жеке мінездемелер жиынтығы, эмоционалды реакциялар ерекшеліктері, әр түрлі мақсаттар, ұнататын заттары, маскулиндік немесе фемининдік жүріс-тұрыстық үлгілер. Бұл процессте отбасы, жасөспірімге, жас адамға психологиялық жыныстың қалыптасуына көмектесіп, келесі жас сатыларында да маңызды рөлді атқарады.

Жасөспірімдік және жастық шақта отбасының орталық функциясына, автономияның және өзіндік сананың дамуына жағдай жасау жатады. Тұлғааралық қарым-қатынастардың эмоционалды толыққандылығы және эмоционалды позитивті мінезі, серіктеспен өзара қарым-қатынастың орнықтылығы, ұзақтығы және тұрақтылығы, социомәдениеттік сатының тасымалдаушысы және компетенттіліктің бейнесі ретінде, үлкендермен өзара әрекеттесу және ынтымақтасу, әлеуметтік қолдау және өзбетінше әрекет етуге ниет білдіру, баланың тұлғалық және интеллектуалды дамуына жағымды жағдайды қамтамасыз ететін, отбасын, бірегей құрылымға айналдырады. Балалардың және жасөспірімдердің жүріс-тұрысының бір де бір әлеуметтік немесе психологиялық аспектілері, отбасының қазіргі уақыттағы немесе болашақтағы жағдайына тәуелді емесі жоқ.

Бала тұлғасының қалыптасуында отбасы ұзақ уақыт бойы анықтаушы рөлдердің бірін

атқарады, бірақ әрбір жастық сатыларда отбасының рөлі мен мәні өзгеріп отырады және өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Өзгеріп отыратын өмірде, дәстүрлі құндылықтар жүйесінің сынықтарында, жаңа басымдылықтар құрылып отыр, олар отбасын өмірлік құндылықтардың иерархиясында тұрақты және маңызды бірлік ретінде көзқарастарда да көрінеді [3].

Отбасы — маңызды әлеуметтік институт, онда адамның әлеуметтену процесі жүзеге асады, осы институттың барлық, анық көрінбейтін де өзгерістері, адам өмірінің, мемлекеттің, қоғамның басқа салаларындағы өзгерістер туралы айтады.

Жыныстық дамудың басталуымен жасөспірімде ата-ана болуға саналы және жауапкершілікті тұрғыда сезіну кезеңі басталады. Бұл жерде жағымды немесе жағымсыз әсер етудің басты факторы, ол ата-аналар арасындағы және ата-ана мен бала арасындағы жүріс-тұрыс пен өзара әрекеттесу болып табылады. Егер ол ата-анасының бір-біріне қомқор қарым-қатынасын көрсе, күнделікті өмірде бір-біріне көмек көрсетіп, сөзбен, әрекетпен ренжітпей, баланы отбасылық мерекелерге қатыстырып, жанұя мүшелерінің кішкентай болса да жетістіктеріне барлығының қуанышын көрсе, және сәтсіздіктердің болуына күтіп қарап, ешқашан тағдырды, үлкен кісілерді кінәләмей, керісінше қиын күндерге қарамастан оған барлық өткен күндерге алғыс білдіріп, бірігуге күш тауып және ары қарай өмір сүруді көрген балада, болашақта отбасында, үлкен, өзі сүйетін, қамқоршыл отбасында өмір сүруге деген ынтасы және арманы пайда болады.

Бұл кезеңде ата-аналар балалармен махаббат және инабаттылық, адамдар арасындағы борыш және азғындық туралы, әйел және ер адам арасындағы физикалық және психологиялық айырмашылықтар туралы, жағымды әдеттер мен олардың денсаулыққа әсері туралы, әйел затының адам тұқымын жалғастыратын функциясы туралы, ер адамның болашақта отбасының қамқоршысы туралы әңгімелесуге дайын болуы керек. Әңгіме жалықтыратын немесе тікелей болмауы керек. Оны фильмді талқылаған кезде немесе жақын адамдардың қылықтарын талқылаған кезде, сұрақтарға жауап беру арқылы жүзеге асыруға болады. Әңгіме баланың жасына сай түсінікті, дәлелді және шынайы болу керек. Бұл жерде ең бастысы, ата-аналардың махаббат, инабаттылық туралы айтқан сөздері, баланың отбасында көргендерінің арасында үйлеспеушілік болмауы тиіс.

Белски бойынша, тәрбие сапасына әсер ететін факторларды үлкен үш категорияда көрсетуге болады:

1. Ата-аналардың әсері (тұлғалық ерекшеліктер, болжамдар, баланың әлеуметтенуінің мақсаттарына қатысты сенімдері, және әлеуметтенудің эффективті әдістері туралы);
2. баланың сапалары (тұлғалық мінездемелер және когнитивті қабілеттері);
3. балалық-ата-аналық қарым-қатынастар жиналған, әлеуметтік мәнмәтіні, соның ішінде ата-аналардың ерлі-зайыпты қарым-қатынасы, олардың әлеуметтік және профессионалды контактарының саласы.

Баланың әлеуметтенуіне және соның ішінде құндылықтық бағдарларының құрылуына әсер ететін факторлардың ішінде, ең маңыздысы отбасы болып табылады. Отбасы — ол бала өмір сүруін бастайтын және оған өте сезімтал болып табылатын орта. Бұл мағынада барлық заттар маңызды: әлеуметтік жағдай, іс-әрекеттің түрі, ата-аналардың білім дәрежесі және отбасының ішкі ахуалы. Барлық осы әсерлер, жас өткен сайын жиналып, тұлғалық құрылымның бөлігіне айналады.

Е.Т. Соколованың ойынша, отбасылық қарым-қатынастар — ол барлық адами қарым-қатынастардың генетикалық бастапқы матрицасы. Бұл матрицада тұлғалық сәйкестілік алғашқы рет пайда болады, ал оның құрылымы өмір бойына «сақталады» [4].

Қолданылған әдебиет

1. Рогожина О. Роль родителей на формирование личности ребенка <http://otebe.info/deti/formirovanie-lichnosti-rebenka.html#ixzz336vFH5hd>
2. Лисина, М.И. Психология самопознания у дошкольников / М.И. Лисина, А.И.

Силвестру. – Кишинев : Штиинца, 1983.– 49с

3. Собкин В.С., Кузнецова Н.И. Российский подросток 90-х: Движение в зону риска. Аналитический доклад. — М.: ЮНЕСКО, 1998. — 120 с.

4. Кабакова М.П. Ценности и традиции современной казахской семьи. http://teacherszone.ucoz.ru/publ/semja/cennosti_i_tradicii_sovremennoj_kazakhskoj_semi/3-1-0-23

УДК 316.6:[297:327.3]

ЖЕТКІНШЕКТЕР АГРЕССИЯСЫНЫҢ КӨРІНУІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иманкулова Камшат Мұхтарқызы

kami_94_09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының

III курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ақымбек Г.Ш.

Қазіргі кездегі біздің қоғамда қатал әрі тұрақсыз әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, идеологиялық жағдайлар белең алуда. Өсіп келе жатқан балалардың жеке тұлғалық дамуы мен әрекет-қылығындағы түрлі ауытқулардың өсуі осы жағдайлармен тікелей шарттас. Олардың ішінде тек прогресс түрінде дамып келе жатқан балалар бойындағы алыстық, бөтендік, жоғары дәрежедегі мазасыздық, рухани бос болу ғана емес, сонымен қатар қатыгездікті, қаталдықты, агрессивтілікті де атауға болады. «Жеткіншек кезеңдегі агрессия» деген термин балалардың мінез-құлқындағы қиын әрекеттерін білдіреді. Жеткіншектер ортасындағы агрессивті беталыстың өсуі біздің қоғамымыздың соңғы жылдары көбейіп кеткен жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылмысы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналады. Сонымен қатар, денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбею деректері де бізді аландатуда. Қоғамда болып жатқан террор, жәбірлеу, суицидтік өсуі сияқты әлеуметтік қауіпті құбылыстардың белең алуына байланысты агрессия сұрағы зерттеудің негізгі объектісі болып отыр. Барлық қасиеттер сияқты агрессия да индивидтерде түрлі дәрежеде көрініс табады, Агрессиялықтың болмауы енжарлық пен конформдылыққа, ал оның шектен тыс дамуы конфликтіге қоршаған ортамен өзара түсініспеушілікке әкеледі.

Жеткіншектік ортадағы агрессивті тенденцияның өсімі біздің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерінің өзектілігін көрсетеді. Ақырғы жылдары біздің қоғамда жастар арасындағы қылмыс, әсіресе жеткіншектер арасындағы қылмыс саны өсті. Топтар арасындағы төбелестер жиіледі. Бұл бірнеше жағымсыз факторлардың жиынтығынан тұрады [1,26]:

- Балалардың әлеуметтік өмір жағдайларының төмендеуі;
- Отбасылық тәрбие дағдарысы;
- Патологиялық босанулардың нәтижесінде баланың бас миына зақым келгендіктен;
- Мектептегі балалардың жүйкелік-психикалық жағдайларына назар аудармауынан;

Агрессивті балалар- ең аз басқарылатын және терапияға нашар берілетін балалар контингенті. Агрессивтіліктің көрінуі көбінесе психикалық ауруларға шалдыққанда білінеді. Агрессивтілік ғылымда кездесетін ең бір өзекті де қиын мәселелердің бірі. Бұл жағдайды түсіндіруде ғалымдар көптеген көзқарастарға сүйенеді.

Жеткіншектік шақ жас шақтарының ішіндегілердің аса кризистілерінің бірі болып табылады. Бұл жыныстық жетілуге байланысты күшті физиологиялық пертурбация арқылы жиі күрделене түсетін жеке тұлғаның барлық компоненттерінің толыққанды дамуымен түсіндіріледі. Жеткіншектің бойына тән жеке